

Тақырыбы:

«Анаға қарап қыз өсер»

(ШЕБЕР-КЛАСС)

Тәрбиешілер:Агадиева К.А.

2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Анаға қарап қыз өсер»

Мақсаты: Қазақ қыздарының анасының жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп өсуіне, аналарынан үйренгенін көрсете білуге және өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Санасына туған анасына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Ана тілін, дінін, оның тарихын, мәдениетін, өмірін, кәсібін қастерлеп, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын меңгерте отырып, қазақ қызына тән қасиеттерге баулу.

Көрнекілігі: Қазақтың ұлттық оюлары, ақ мата, қайшы.

Барысы: «Анасы бар адамдар, ешқашан қартаймайды» демекші, әрқашанда аман жүріңіздер, аяулы жандар. Ана. Үш-ақ әріптен құралған «Ана» сөзінің астарында үлкен мән жатқанын кез келген саналы азаматтың ұғынары сөзсіз. Тіршіліктің қайнар көзі, мейірімнің кәусар бұлағы – Анадан артық қасиетті, киелі ештеңе жоқ. Әлемге әйгілі ақын-жазушылар мен ғұламалардың Ана жайлы тебіреніп, жазып қалдырған асыл сөздері қаншама... Балаға анадан артық, анадан қымбат жан жоқ. Сондықтан да халық даналығында ананы ардақтайтын, ананы дәріптейтін не бір асыл маржандары кездеседі. Әрбір ана отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм соғыстың болмауын, қызыл гүлдің солмауын тілейтін өз перзентін асылым мен алтыным, жасыл желек жарқыным, аспандағы жұлдызым, маңдайдағы құндызым деп, аман болсын бастары, ұзақ болсын жастары деп күні-түні, өмір бойы перзентінің тілегін тілейді. Керек десен жанын да беруге әзір тұрады. Не деген құдіретті мейірім десенізші... Ару. Ана. Бүкіл әлемнің әдемілігі, бар тіршіліктің мәні осы екі ұғыммен өзектесе жатады екен. Ару деген сөз, арлылық, адалдық, асқақтық атты қасиеттермен қабысып жатса, ана сөзінің аясында асыл, аяулы, ардақты, құдіретті сезімдері тоғысары ақиқат. Қыздарға арнап жыр жазбаған ақын жоқ, ән шығармаған сазгер жоқ. Қызыл гүл, қарақат көз, қиғаш қас, алма мойын бұлардың барлығы біздің әсем қыздарымызға айтылған теңеулер.

Жүргізуші:

Ұлтымыздың салт-дәстүрін қадірлейік,

Жастарды имандылыққа әзірлейік.

Тәрбие мен білімді тең игерген,

Болашағы қазақтың деп

тілейік.

Аналар өз тәжірибелерінен күнделікті өмірде қолдануға пайдалы ескеріп қалған Ұлттық нақыштағы «қошқар мүйіз оюлар» таныстырып үйретеміз.

Анасы мен қызы қазіргі ұлттық нақыштағы қошқар мүйізді оюларды әшекейлерді қолдана отырып, көрсету керек. Аналар қыздарына қошқар мүйізді оюлардың әр түрлі фетерден ойып, қыздарға түсіндіріп оюларды

қайшымен қиып ақ матаға қошқар мүйіз оюларды қыздармен бірге орналастырады. «Ұлттық нақыштағы қазақ оюларды» үйрету арқылы қыздарымызды үйретіп отырайық.

Жүргізуші:

Ана десем, сезім билер тым ыстық,
Жарасымды адамдарға туыстық.
Бар адамға берсе ананың мейірін,
Орнар еді бар әлемге тыныштық.
Ана десем, шешек атып жанары,
Өмірімнің бастау алар жаңа әні.
Ана деген тіршілікте пана боп,
Әрбір үйде жұлдыз болып жанады.
Аналар мерекесі құтты болсын,
Аналарымыз аман, бейбітшілік заман болсын!
Хош, сау болыңыздар!



